

8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Байболова Молдир Канатовнаның «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оналтуының жүйегі бағдарламасындағы жаттығулардың дістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

Р/н №	Өлшемшарттар	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертулі курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	Байболова Молдир Канатовнаның «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оналтуының жүйегі бағдарламасындағы дістемелік аспектілері» тақырыбы бойынша жүргізіген диссертациялық зерттеу жұмысы өзектілігі мен маныздылығы жоғары ғылыми еңбек болып табылады. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы «Өмір және денсаулық туралы ғылым» жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алу және олардың салдарын жеңілдетуге бағытталған қазіргі заманғы медициналық практиканы жетілдіру мақсатында жасалған, ғылыми және клиникалық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
	<p>Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)</p> <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жоғары дәрежеде ашылған. Жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды, ал зерттеудің мақсаты мен міндеттері қазіргі кардиохирургиялық және кардиологиялық тәжірибенің қажеттіліктерін толық қанағаттандырады. Алынған нәтижелер тақырыптың өзектілігі мен жанашылдығын толық растайды. Осы диссертациялық жұмыстың теориялық ережелері мен практикалық нәтижелері, атап айтқанда «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оналтуының бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері», медициналық мекемелердің ғылыми-зерттеу және клиникалық қызметіне енгізілген (енгізу актілерімен расталған). Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде екі авторлық куәлік алынған, ал негізгі ғылыми мақалалар халықаралық беделді журналдарда (Scopus, Web of Science) жарияланған. Зерттеу көрсеткендей, жүрекке жасалған ашық хирургиялық араласудан кейінгі кезеңде науқастардың</p>
----	------------------------	---	---

3.	Өзі жаазу принципі	<p>Өзі жаазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>функционалдық калпына келуін қамтамасыз ету үшін әзірленген жүйелендірілген кардиоресабилитациялық бағдарлама тәжірибелік денсаулық сақтау саласында тиімді және қолдануға жарамды болып табылады. Мұндай кардиохирургиялық операциялардан кейін аздада күрделі биологиялық және физиологиялық өзгерістер орын алып, ерте және кеш асқынудардың даму қаупі жоғарылайды. Бұл бұзылыстар операция алдындағы, операция кезіндегі және кейінгі оңалту кезеңінде де көрініс бере алады. Асқынудардың алдын алу және калпына келу процесін оңтайландыру мақсатында әзірленген кешенді кардиоресабилитациялық бағдарламаның тиімділігі дәлелденген. Жүргізілген зерттеу кардиохирургия және кардиология саласындағы ғылыми негіздерді толықтырып, осы бағыттағы практикалық тәжірибенің дамуына маңызды үлес қосады.</p> <p>Берілген диссертациялық жұмыс толықтай дербес аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. М.К.</p>
----	--------------------	---	---

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>			<p>Байболова жұмысты орындау барысында зерттеудің әрбір кезеңінде жоғары деңгейдегі тәуелсіздік пен кәсіби дербестікті көрсетті. Докторант диссертациялық зерттеу міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін заманауи ғылыми әдістемелерді қолданды және зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде белсенділік танытты. Сонымен қатар, деректер қорын өз бетінше қалыптастырып, жинақталған материалды заманауи статистикалық әдістермен өңледі, бұл алынған нәтижелерді дәл интерпретациялауға, негізделген қорытындылар жасауға және практикалық ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді. Айта кету керек, докторанттың ғылыми жарияланымдардағы рөлі де маңызды: олардың басым бөлігінде М.К. Байболова бірінші автор болып табылады, бұл зерттеу жұмысындағы жеке үлесінің айқын көрінісін көрсетеді.</p>
4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>		<p>Жұмыстың өзектілігі Қазақстан үшін мәселенің жоғары маңыздылығымен шартталған және негізделген. Сонғы жылдары күрделі кардиохирургиялық</p>		

			<p>оталардың артуы науқастардың отадан кейінгі кезеңде толыққанды қалпына келуін қамтамасыз етуді аса маңызды міндетке айналдырды. Докторант зерттеу жұмысы барысында жүрек оналту бағдарламасының ауырыну деңгейін төмендетуге, физикалық төзімділікті арттыруға және психоэмоционалды жағдайды жақсартуға ықпал ететінін дәлелдейді. Халықаралық ғылыми деректер де кешенді реабилитацияның өлім-жітімді төмендетуге, қайта мен госпитализациялар асқынуларды азайтуға айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Докторант өз жұмысында жүрек-қантамыр ауруларының кең таралуын және жүрек оналтуының дәлелденген тиімділігін ескере отырып, жүрек оналту бағдарламасын жетілдіру мен олардың қолжетімділігін арттыру денсаулық сақтау жүйесі үшін стратегиялық маңызға ие екенін көрсетті. Сонымен қатар, жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оналтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығуларды орындау үшін оналтуға дейін жоғары күштемені қолдану 65% болса, 3 айдан соң</p>
--	--	--	--

		<p>жатытуларды орындау кезіндегі жүктеме 36% болды, ал 6 айдан соң 51% болды, демек жатытуларды үнемі орындау кезінде жатытулардың жүктемесі азайып, орындаулы жеңілдеп науқасқа он әсерін тигізуде. Сонымен қатар оналтудың 1-ші және соңғы күні мен 6 айдан соң оналту бағдарламасы кезіндегі жатытулардың орындау ұзақтығы статистикалық мәні ұзарған. Яғни, жүйеленген жатытулар науқастардың орындауы жағынан бейімделгенін көрсетеді. М.К. Байболованың ғылыми зерттеуінде жүрек оналтуының жүйелі бағдарламасындағы жашымығулардың өдіс-мемелік әсеркімдері жан-жақты маданы, науқастардың функцияоналдық мүмкіндіктері мен өмір саласын айырмалықтай жақсартамындығын жан-жан-жақты талдаған.</p>
--	--	---

		<p>Жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім бүкіл әлемде себептердің арасында бірінші орында және Қазақстан да бұл жағдайдан тыс емес. Осыған орай жүрек ауруларын жүргізу бойынша клиникалық ұсыныстарды бірнеше қоғамдар мен ұйымдар әзірледі. Осы нұсқаулықтардағы емдеудің жалпы мақсаттары: симптомдарды дәрі-дәрмекпен және ота жасау арқылы жеңілдету, сонымен қатар болашақта жүрек-тамыр ауруларының оңалту көмегімен алдын алу болып табылады. Күрделі кардиохирургиялық араласулардан кейін науқас организмді көпқырлы және әртүрлі патофизиологиялық өзгерістерге ұшырайды. Организмнің функционалдық қорғаныс механизмдері, араласуға дейін де, одан кейін де, сондай-ақ қалпына келтірудің кейінгі кезеңдерінде де бірқатар патологиялық үдерістер мен асқынулардың дамуына себеп болуы мүмкін. Операциядан кейінгі осы қиындықтарды ескеру, сондай-ақ ерте және кеш кезеңдері асқынулардың алдын алу жүрек-қан тамырлық оңалтудың кешенді шараларының тиімділігін анықтайды. Республика</p>
	<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p><b>1) айқындайды:</b></p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	

		<p>өңірлерінде реабилитациялық көмекті жүзеге асыратын медициналық ұйымдарға Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан бірыңғайланған емдеу және диагностикалық протоколдар ұсынылды. Алайда бұл протоколдарда реабилитациялық жаттығулардың нақты түрлері мен олардың құрылымы, орындау жиілігі мен ұзақтығы, сондай-ақ жаттығулардың әсері мен тиімділік көрсеткіштері қамтылмаған. Соның салдарынан әрбір медициналық мекеме реабилитациялық бағдарламаларды өз бетінше әзірлей бастады. Осы оқылғықтың орнын толтыру мақсатында ғылыми әдебиеттер, жетекші шетелдік клиникалардың тәжірибесі және беделді емдік орталықтардың ұсынымдары зерттеліп, олардың ішінен жиі қолданылатын әрі мазмұны жағынан стандарттауға ең жақын жаттығулар іріктелді. Жүргізілген әдеби шолу, пайдаланылған материалдар мен әдістер, орындалған зерттеулер, алынған нәтижелер мен қорытындылар диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұны қойылған ғылыми мәселені жан-жақты және</p>
--	--	--

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>толық ашып көрсетеді.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеліп отырған мәселе жөніндегі жан-жақты әдебиет талдауы мен жинақталған эмпирикалық деректерге сүйене отырып, нақты әрі жүйелі түрде айқындалған. Қойылған міндеттер толық мазмұнды және дәйекті түрде тұжырымдалып, зерттеудің негізгі мақсатына тиімді қол жеткізуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбының мазмұнына толық сәйкес келіп, жұмыстың ғылыми логикасын, құрылымын және зерттеу аясын анық көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық зерттеуде алға қойылған негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар нақты ғылыми-әдістемелік міндеттер айқын түрде белгіленген. Оларға мыналар жатады: ашық жүрек хирургиясынан кейінгі науқастарға арналған жүрек оналту бағдарламасының құрамына бағдарламаларын анықтау және олардың әдіснамалық құрылымын жүйелеу; отадан кейінгі кезеңде қолданылатын жүйеленген жүрек</p>	

	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>оналту бағдарламасының клиникалық тиімділігін бағалау; жүрекке ашық ота жасалған науқастарда оналту шараларының функционалдық көрсеткіштерге әсерін кешенді түрде талдау; сондай-ақ, SF-36 стандарттивделген сауалнамасын пайдалана отырып операциядан кейінгі пациенттердің өмір сапасын объективті түрде бағалау. Зерттеу құрылымының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық сабақтастықта үйлестіріліп, мазмұндық тұтастықты қамтамасыз етеді, бұл диссертациялық жұмыстың жүйелілігі мен ғылыми мәнін айқын көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмысқа жан-жақты сыни талдау жүргізілген. Автор ұсынған әдіс ғылыми негізделген, салыстырмалы талдау арқылы бағаланған және осы тақырып бойынша қазіргі зерттеушілердің маңызды еңбектеріне жасалған сілтемелермен дәлелденген. Жұмыстың мазмұны, соның ішінде зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің тұжырымдауы, зерттеу пәнінің дұрыс танданымы және оның ғылыми тұрғыдан негізделгенін көрсетеді деген</p>
--	--	---

5. Фильми жанашылдык принципі	<p>5.1 Фильми нәтижелер мен срезелер жана ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>тұжырым жасауға болады.</p> <p>Фильми нәтижелер мен ұяныыстар толықтай жанашыл болып табылады, себебі ашық жүрек операциясынан кейінгі пациенттерге арналған жүрек оналту бағдарламасының жаттығуларының әдіснамалық аспектілері жүйеленіп, олардың клиникалық тиімділігі, пациенттерде орындау деңгейі және физиологиялық әсері зерттелген. Сонымен қатар, құрылымдалған жүрек оналту бағдарламасының өмір сүру сапасына ықпалы бағаланып, пациенттердің психосоциналдық жағдайының жақсарғаны анықталған.</p>
5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?	<p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>жүрттеу зерттеу жұмысы негізінде тұжырымдалған қорытындылардың фильми жаналығы айқын көрініс талқан. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу барысында ұсынылған басқару шешімдері тек практикалық мәнге ие болумен шектелмей, фильми тұрғыдан дәлелденген және қазіргі заманғы фильми бағыттардағы ізденістердің нәтижесі ретінде қалыптаасқан. Бұл диссертацияның теориялық негізін нығайтып, клиникалық тәжірибеге</p>

	<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жана:</b></p> <p>2) ішінара жана (25-75% жана);</p> <p>3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).</p>	<p>енгізудің жана мүмкіндіктерін ашайды.</p> <p>Техникалық, экономикалық және басқару аспектілеріндегі шешімдер жанапшыл сипатка ие және ғылыми тұрғыдан негізделген.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалиitatif ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәурлық бағыттары үшін).</p>	<p>Автордың диссертациялық зерттеуінде қойылған мақсатка сәйкес нақты және логикалық құрылымдалған қорытындылар жасалған, олардың арқайсысы ғылыми дәлелдерге сүйеніп, статистикалық әдістердің көмегімен жан-жақты тексеріліп, растаудан өткен. Бұл қорытындылар зерттеу материалдарының кең ауқымын, қолданылған әдістемелік тәсілдердің әртүрлілігін және алынған деректердің статистикалық өңделу сапасын толық қамти отырып, сенімді және ғылыми тұрғыдан негізделген болып табылады. Зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен ғылыми дәлелділігі халықаралық рецензияланатын журналдарда жариялануы арқылы және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұсынысымен аккредиттелген</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p> <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді:</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиальды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p>	

	<p>3) Бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>отандық журналдарда жариялануы арқылы қосымша расталады. Сонымен қатар, жүргізілген статистикалық талдаулар қорытындылардың дұрыстығын, олардың негізділігін және ғылыми сенімділігін қамтамасыз ететін қосымша құрал ретінде қызмет атқарады, бұл диссертациядағы ғылыми тұжырымдардың сапасын арттырады. Автордың ғылыми жұмысының жарияланымдық белсенділігі айтарлықтай: оның зерттеу материалдары Scopus халықаралық дерекқорына енгізілген 2 мақалада жарияланған, бұл халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан зерттеу нәтижелерінің мойындалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұсынысымен аккредиттелген журналдарға 4 мақала жарияланып, зерттеу нәтижелерінің ұлттық деңгейде ғылыми танымалдылығын растады. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 3 тезис жарияланған, бұл диссертация авторының ғылыми пікірталастарға қатысу деңгейін және тәжірибелік бағыттағы зерттеулерге қосқан</p>
--	---	--

8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	<p>Үлесін көрсетеді. Бұған қоса, автордың 2 бағдарламаға қатысты авторлық құжықтары тіркелген. Бұл зерттеудің инновациялық сипатын және автордың ғылыми еңбектері мен шешімдерінің практикалық құндылығын дәлелдейді. Осылайша, барлық ғылыми тұжырымдар нақты және сенімді дәлелдерге сүйенген, олардың нәтижелері клиникалық тәжірибеде қолдануға және медициналық ұйымдарда енгізуге толық негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен ұсыныстары тек теориялық жағынан ғана емес, практикалық тұрғыдан да жоғары маңызға ие болып, жүрекке жасалған ашық отадан кейінгі пациенттердің оналту процесін жақсартуға, олардың функционалдық және психосоциналдық көрсеткіштерін арттыруға бағытталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістемесі қойылған мақсаттар мен міндеттерге толықтай сәйкес тандалған және оны жүзеге асыруда қолданылған барлық әдістер жан-жақты сипатталған. Әдістемелік</p>
---	--	---

--	--	--

құрағдар мен тәсілдер кестелер, графикалар, суреттер және басқа визуалды материалдар арқылы көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынылған, бұл оқырманға зерттеу процесін және алынған нәтижелерді оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Зерттеу дизайны ғылыми тұрғыдан дұрыс құрылымдалған және зерттеу материалдарын жинау, өңдеу, талдау және интерпретациялау кезеңдері логикалық тізбектілікпен ұйымдастырылған. Алынған нәтижелер статистикалық талдау арқылы нақты формулалар мен математикалық есептеулер негізінде қарастырылып, олардың сенімділігі мен дұрыстығы дәлелденген. Сонымен қатар, әрбір статистикалық қорытынды сәйкес ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы бекітілген, бұл зерттеу әдістемесінің сапасын, ғылыми негізділігін және алынған нәтижелердің объективтілігін толықтырады. Нәтижесінде, диссертациялық жұмыстағы әдістемелік тәсілдер тек мақсатқа жетуге ғана емес, сонымен бірге алынған ғылыми қорытындылардың дәлдігін, сенімділігін және практикалық маңыздылығын

			<p>Құралдар мен тәсілдер кестелер, графикалар, суреттер және басқа визуалды материалдар арқылы көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынылған, бұл оқырманға зерттеу процесін және алынған нәтижелерді оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Зерттеу дизайны ғылыми тұрғыдан дұрыс құрылымдалған және зерттеу материалдарын жинау, өңдеу, талдау және интерпретациялау кезеңдері логикалық тізбектілікпен ұйымдастырылған. Алынған нәтижелер статистикалық талдау арқылы нақты формулалар мен математикалық есептеулер негізінде қарастырылып, олардың сенімділігі мен дұрыстығы дәлелденген. Сонымен қатар, әрбір статистикалық қорытынды сәйкес ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы бекітілген, бұл зерттеу әдістемесінің сапасын, ғылыми негізділігін және алынған нәтижелердің объективтілігін толықтырады. Нәтижесінде, диссертациялық жұмыстағы әдістемелік тәсілдер тек мақсатқа жетуіне ғана емес, сонымен бірге алынған ғылыми қорытындылардың дәлдігін, сенімділігін және практикалық маңыздылығын</p>
--	--	--	---

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Қамтамасыз ететінін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістемелерін және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынды. Зерттеу барысында деректерді жинау, өңдеу және статистикалық талдау үшін Microsoft Excel 2007–2010 (Microsoft Corp., USA) бағдарламасы және STATISTICA (StatSoft, USA) статистикалық пакеті қолданылды. Сапалық көрсеткіштер абсолютті жиіліктер және пайыздық қатынастар арқылы берілген. Сандық мәліметтер қалыпты үлестірімге сәйкес орташа арифметикалық мән мен стандартты ауытқу (<math>m \pm SD</math>) арқылы, ал қалыпты үлестірімге бағынбайтын көрсеткіштер медиана және квартильдер (<math>Md [Q1-Q3]</math>) арқылы сипатталған. Сандық деректердің қалыпты үлестірілуін бағалау Колмогоров–Смирнов критерийі арқылы жүргізіліп, Бонферрони түзетуі қажет болған жағдайларда қолданылды. Бұл статистикалық талдау әдістерінің кешені зерттеу нәтижелерінің объективтілігін және сенімділігін қамтамасыз етеді.</p>
--	--	--

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p><b>2) жоқ.</b></p>	<p>алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан дәл интерпретациялауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компьютерлік технологиялардың көмегімен мәліметтерді өңдеу мен визуализациялау диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін арттырды және клиникалық практикалық қолдануға дайын нәтижелер алуға жағдай жасайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары толықтай қолданылған әдіснамаға сәйкес құрылып, ғылыми негізделген түрде тұжырымдалған. Әрбір қорытынды зерттеу барысында жинақталған эмпирикалық деректер мен әлеуметтерді талдау нәтижелерімен бекітіліп, логикалық байланыс пен жүйелілік принципіне сәйкес ұсынылған. Сонымен қатар, теориялық қорытындылар зерттеу мақсаты мен қойылған міндеттерге тікелей сай келеді және оларды практикалық ұсыныстармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл қорытындылардың ғылыми тұрғыдан дәлелденгендігі, олардың клиникалық және тәжірибелік салада қолданылу перспективасының қалыптастырылды. Теориялық</p>
--	---	--

		<p>нәтижелер жұмыстың логикалық құрылымын нығайтып қана қоймай, жүрекке ашық операциядан кейінгі науқастарды оңалту бойынша жүйеленген кардиореабилитациялық бағдарламаның әдістемелік аспектілерін түсіндіруде манызды рөл атқарады.</p>
<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу барысында жасалған негізгі және манызды ғылыми тұжырымдар өзекті мәселелерге қатысты, сонымен қатар олардың дәуірестігі мен сенімділігі жан-жақты талданған және халықаралық деңгейде мойындалған сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған нақты сілтемелер арқылы дәлелденген.</p>	
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдеби шолу барысында жеткілікті көлемде және әртүрлі дереккөздер қолданылған, олардың басым бөлігі ағылшын тілінде жарияланған. Бұл, бір жағынан, зерттелетін мәселенің халықаралық ғылыми қауымдастық үшін өзекті екенін, екінші жағынан, тақырыпқа деген әлемдік деңгейдегі қызығушылықтың бар екенін айқын көрсетеді. Шолу 20 жылдық мерзімді қамти отырып, осы уақыт аралығында жүргізілген негізгі зерттеулердің толық әрі егжей-тегжейлі талдауын ұсынады.</p>	

9	Практикалық құндылық қағидағы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <b>1) бар;</b> 2) жоқ.	Зерттеулердің арқайсысының нәтижелері мен әдістемелік тәсілдері мұқият қарастырылып, салыстырмалы талдау жасалған, бұл зерттеу саласындағы негізгі тенденциялар мен дамудың бағыттарын айқындайды. Сонымен қатар, кардиорейабилитация саласында әлі де шешімін таппаған, күрделі әрі өзекті мәселелерге ерекше көңіл бөлінген, бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми жанашырлығын, практикалық маңыздылығын және салалық құндылығын дәлелдейді. Осындай құрылым мен мазмұндық қамту зерттеудің сапасын арттырып, оның ғылыми негізділігін, өзектілігін және салалық ғылыми қауымдастықтағы орнын нақты көрсетеді.

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия:</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>пәнге деген түсінігін тереңдетсе, екінші жағынан, педагогикалық тәжірибеге жана әдістемелік тәсілдерді енгізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, теориялық тұжырымдар практикалық қолдану мүмкіндіктерімен үйлесіп, оқу процесінің сапасын арттыруға, сондай-ақ студенттердің аналитикалық және критикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осы тұрғыдан қарағанда, ғылыми жұмыстың теориялық маңызы білім беру саласындағы зерттеу мен практика арасындағы байланысты нығайтып, оның қолданылу ауқымын кеңейтеді.</p> <p>Жұмыстың тәжірибелік мәні айқын көрінеді, өйткені оның әзірленген әдістемелері клиникалық тәжірибеге тікелей енгізіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізуде тиімділігін дәлелдеді. Бұл әдістемелер медициналық практикада қолданылған кезде науқастардың жағдайын жақсартуға, емдеу процесін оңтайландыруға және денсаулық сақтау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсынылған тәсілдер клиникалық жұмыс барысындағы шешім</p>
--	---	---

		<p>қабылдау процесін жүйелеуге, медициналық қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға және пациенттерге көрсетілетін көмектің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осындай тәжірибелік мән жұмыстың тек теориялық жанапшылдығын емес, сонымен бірге практикалық құндылығын да айқын көрсетеді, бұл оның ғылыми және қолданбалы маңыздылығын нығайтады.</p> <p>Жұмыста ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар толықтай жанапшыл сипатқа ие болып, қазіргі заманғы клиникалық және педагогикалық практикаға енгізуге дайын. Олардың жанапшылдығы қазіргі қолданыстағы әдістемелерден айырмашылығы мен артықшылықтарында көрініс табады, яғни олар бұрын қолданылған тәсілдермен салыстырғанда тиімділікті арттыруға бағытталған. Қолдану барысында ұсыныстар жоғары нәтиже көрсетіп, практикалық жағдайларда нақты артықшылықтар береді: процедуралардың тиімділігін жақсартады, шешім қабылдау процесін оңтайландырады, сондай-ақ мамандар мен науқастар үшін</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

		<p>жағдайларды жеңілдетеді. Бұл факторлар тәжірибелік ғылыми ұшыныстардың ғылыми жанашылдығын ғана емес, сонымен бірге олардың практикалық құндылығын да айқын көрсетеді және диссертациялық жұмыстың ғылыми-болашаққа бағытталған маныздылығын толықтырады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде жазылған және академиялық тұрғыдан жоғары сапалы мәтін ретінде ерекшеленеді. Жұмыста қолданылған тіл бай, көркем және ғылыми стильге сәйкес келетін терминологиямен үйлестірілген, бұл мәтінді түсінікті әрі ресми етеді. Ғылыми тұжырымдар айқын құрылыммен ұсынылған, логикалық байланыстар сақталған және артументация нақты деректер мен әдебиеттерге сүйенген. Сондай-ақ, жұмыс академиялық жазудың барлық талаптарын — грамматикалық дұрыстық, стильдік бірізділік, сөйлем құрылымдарының айқындылығы мен терминологиялық дәлдікті — толық орындайды. Мұның бәрі диссертациялық жұмыстың сапасын арттырып қана қоймай, оның ғылыми қауымдастықтағы беделін күшейтеді, оқырманға ақпаратты</p>

		жүйелі және сенімді түрде ұсынуға мүмкіндік береді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жұмыста ешқандай ескертулер немесе ремпшіліктер анықталмаған, бұл оның ғылыми және академиялық тұрғыдан жоғары сапада дайындалғанын айқын көрсетеді. Нәтижесінде, жұмыс өзінің мазмұны мен әдістемелік негізділігі бойынша толық сенімді, кәсіби деңгейде жасалғанын көрсетеді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Автордың ғылыми мақалалары халықаралық рецензиядан өткен беделді журналдарда жарияланып, Scopus пен Web of Science сияқты танымал ғылыми деректер қорларында индекстелген. Атап айтсақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Volatbekov Berik, Vайbolova Moldir, Maulenkul Tilektes, Vainagambetov Amirkhan, Zhanabayev Nurlan, Kudaiberdieva Gulmira. Effects of Cardiac Rehabilitation of Physical Capacity and Quality of Life in Patients After Open Heart Surgery Complicated by Sternumediasinitis // Bangladesh Journal of Medical Science. – 2024. – Vol. 23, Iss.</li> </ol>

		<p>2. – P. 527-538.</p> <p>«Bangladesh Journal of Medical Science» журналының 2024 жылғы Impact Factor көрсеткіші 1,1-ге тең, ал жалпы және терапиялық медицина бағыты бойынша квартилі – Q2. Бұл мақалада ашық жүрек отасынан кейін стерномедиастинит сияқты ауыр асқынулар дамыған пациенттерге жүргізілген кардиореабилитацияның әсері зерттеледі. Авторлар қалпына келтіру бағдарламасының науқастардың физикалық жұмысқа қабілеттілігін арттырудағы, функционалдық жағдайын жақсартудағы және жалпы өмір сапасын көтерудегі тиімділігін бағалайды. Зерттеу нәтижелері кардиореабилитацияның мұндай күрделі категориядағы пациенттер үшін де клиникалық тұрғыдан маңызды он әсері бар екенін көрсетеді.</p> <p>2. Vaibolova, M., Volabekov, B. A., Trushcheva, K., Kuramyuly, K. S., Volabekova, Z. S., &amp; Yesenbekov, B. (2024). Effects of the cardiac rehabilitation program on the quality of life in patients after open-heart surgery. Heart, Vessels and</p>
--	--	--

13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28-тармағына сәйкес)		<p>Transplantation, 8(2), 252-262.</p> <p>Журналдың CiteScore көрсеткіші – 0,2. SJR жіктемесі бойынша Q4 квартиліне жағалы. Бұл мақалада ашық жүрекке жасалған операциядан кейінгі пациенттердің өмір сапасына кардиоорбитализация бағдарламасының ықпалы зерттеледі. Авторлар қалпына келтіру шараларының физикалық белсенділікті арттыруға, функционалды жағдайды жақсартуға және пациенттердің жалпы өмірлік белсенділігін оңтайландыруға әсерін ғылыми тұрғыдан бағалайды. Бұл олардың зерттеу нәтижелерінің халықаралық деңгейде мойындалғанын, ғылыми қауымдастық тарапынан сенімге ие екенін білдіреді. Сонымен қатар, мұндай жарияланымдар автордың ғылыми еңбектерін халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес жүргізгенін дәлелдейді.</p> <p>Нәтижесінде, алынған деректер мен тұжырымдар тек теориялық және практикалық құндылығы жағынан ғана емес, сонымен қатар олардың академиялық беделі мен әлемдік деңгейде бағаланғанын көрсетеді.</p> <p>Қорыта келе, диссертациялық жұмыс көлемі, мазмұны, өзектілігі, ғылыми жаңалығы және</p>
---	--	--

		<p>практикалық маңызды бойынша барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Сол себепті Байболова Молдир Канатовнаға 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

PhD, «Шымкент жүрек орталығы» КеАК  
 Ғылым, білім және стратегия департаментінің  
 директоры



Ж.И. Сағатаев